

9.09.25  
рақ

МКҚК "ЗЕРЕ" БӨБЕКЖАЙ - БАЛАБАҚШАСЫ



# "ӘКЕМ, АНАМ ЖӘНЕ МЕН"

ТӘРБИЕШІ: ДҮЙСЕБАЕВА К.С

09.09.2025Ж

## «Әкем, анам және мен»

### Спорттық сайыс

#### Мақсаты:

Балаларды спорттық ойындарға деген бейімділігін, денсаулықтарын жаңғырту, спортқа деген қызығушылықтарын арттырып, дене қозғалыстарын жетілдіру.

Дене шынықтыру жаттығулармен өз бетінше шұғылдануға, этикалық және эстетикалық тәрбие беру

Көрнекілігі: Кедергілер, доп, қапшықтар, тақтайша, уақ доп, секіргіш, құрсау.

Жүргізуші: Құрметті әріптестер, балабақша бүлдіршіндері «Әкем, анам және мен 2025ж» спорттық сайысымызға қош келдіңіздер! Топ арасындағы сайысқа қатысушы топтарды ортаға шақырайық. (Әуенмен қатысушылар ортаға шығады) Бүгінгі сайысқа қатысуға үш ортаңғы топтары келіп тұр.

Осы сайысқа сөз кезегін балабақша меңгерушісі У. Б. Кузенбаеваға, және балабақша әдіскері Г.С. Даржановаға сөз кезегін береміз.

Жүргізуші: Ендеше жарысымызды бастамас бұрын, әділ қазылар алқасын сайлап алсақ.

Ал құрметті халайық,

Жарысты енді көріңдер.

Әділ қазы алқасы,

Әділ баға беріндер.

Қазылар алқасымен таныстырып өтейін.

1 \_\_\_\_\_

2 \_\_\_\_\_

3 \_\_\_\_\_

Қош келдіңіз қонақтарым төрлеңіз,

Әзірледік сізге орынды төрден біз.

Ұландардың ең құрметті қонағы,

Жанкүйерде төреші де өзіңіз.

Жүргізуші: Біз бақытты баламыз,

Шыныға да аламыз.

Тәуелсіздік ел көгінде

Спортшы бола аламыз - деп – «Әкем, анам және мен» атты сайысымызды бастаймыз.

Эстафеталық сайысымыз 6 бөліммен тұрады.

1. Таныстыру (топтың аты мен ұранын айту мен таныстыру керек)

2. «Кім шапшаң» сайысы (қапшықпен секіру, )

3. «Шариктерді жару» сайысы (тақтайшада үрілген шарларды жару)

4. «Кенгуру» сайысы (ата-ана скакалмен мәреге секіріп бару )

5. «Тез қимылда» сайысы (бала машинамен жарысады)

6. «Жүйрік паравоз» сайысы

7. «Асық ату» сайысы (бала асықты тізбектеп қояды, әкесі асықты көздеп атады)

Көп асық атып алған топ жеңіске жетеді.

Таныстыру кезеңі.

Жүргізуші: Еш қысылып саспайық,

Қызықты ойын бастайық

Сайысқа келген баланың

Сергітіп бойын алайық.

«Кім шапшаң» ойынын бастаймыз.

Ойынның шарты: Қаппен секіріп, межеден айналып қайту.

(Әділқазылар алқасы 2 бөліміміздің бағаларын берейік.)

Жүргізуші: Бақшада бүгін басталған

Дайын болын жарысқа

Жүгір, секір қалыспа

Топаралық сайыстан - дей келе «шариктерді жару» ойынын бастаймыз.

Ойынның шарты: Ата-аналар уақ доптарды дәлдеп, көздеп, жару арқылы жарысады. Ойынды сапалы әрі тез аяқтаған команда жеңіске жетеді.

(Әділқазылар алқасы «Жүйрік ат» бөлімінің бағасын берейік.)

Жүргізуші: Өздерінің шапшаңдылығын ұғындырып,

Көрсетер көп еңбектенген мықтылық.

Келесі бұл сайыста

Қай топтың ептілігін анықтайық – деп «Кенгуру» жарысын бастаймыз.

Ойын шарты: Жылдам кенгуру скакалкамен кедергілер арасымен секіріп, белгіленген межеден айналып келеміз. (ата-ана скакалкамен мәреге секіріп келу )

Бірінші жеткен топ осы бөлімнің жеңімпазы атанады.

Әділқазылар алқасы 4 бөліміміздің қорытындысын берейік.

Жүргізуші: Денемізді шынықтырып,

Шыныққан біз баламыз.

Жаңғыртып біз елімізді,

Биіктерден көрінеміз - дей келе «Тез қимылда» сайысын бастаймыз.

Ойын шарты: Балалар машиналармен мәреге дейін барып, кері қайту.

(Әділқазылар алқасы ойынның ұпайын берейік)

Жүргізуші: « Жүйрік паровоз» жарысын бастаймыз.

Ойын шарты: бірінше ата-ана паровоз, бала вагон болады. Бірінші паровоз ата-ана белгіленген мәреге дейін тізбектеліп, барып келу. Жарыс соңында қай топтың паровозы вагоны мәреге бірінші жетсе сол топ жеңеді.

Жүргізуші: Ендеше соңғы сайысымыз «Асық ату» ойыны.

Ойын шарты: Балалар асықты тізбектеп қойып шығады, әкелер асықты көздеп, дәлдеп атады. Көп асық жинаған топ, жеңіске жетеді.

(Әділқазылар ұпай сандарын есептеуге уақыт)

Жүргізуші: Әділқазылар алқасының шешімі дайын болғанша барлығымыз  
«Көңілді жаттығу» әнімен флешмоб биін билейік!

Жүргізуші: Ендеше бүгінгі сайысымыз өз мәресіне жетті. Марапаттау кезегін  
балабақша меңгерушісі У. Б. Кузенбаеваға, және балабақша әдіскері  
Г.С. Даржановаға беріледі. Марапаттау рәсімі.

Жүргізуші:

Құрметті көрермендер,

Бір тілек айтарымыз.

Берекелі заман болсын,

Балаларымыз аман болсын.

Жиырма бірінші ғасырда,

Ашық аспан астында,

Денсаулықтарыңыз мықты болсын.

Жанұяларыңыз қуанышқа толсын.

Бүгінгі «Әкем, анам және мен» сайысы, осымен аяқтаймыз.

Қатысқан бүлдіршіндерімізге, ата-аналарға көп - көп  
рахмет. Жақсылықта, амандықта жүздескенше, сау болыңыздар.





"Әкем, анам және мен"  
Өткізген: Дуйсебаева К.С

